

## Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жекелеген республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үікметінің 2004 жылғы 3 ақпандағы N 128 қаулысы

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 Заң күші бар Жарлығының 16-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

### 1 . М ы н а л а р :

1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "К.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны одан Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын бөліп алу жолымен;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны одан Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын бөліп алу жолымен;

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны одан Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын бөліп алу жолымен;

4) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Шекерім атындағы Семей мемлекеттік университеті" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны одан Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Семей мемлекеттік педагогикалық институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын бөліп алу жолымен;

5) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "М.Х.Дулати Тараз мемлекеттік университеті" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны одан Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Тараз мемлекеттік педагогикалық институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын бөліп алу жолымен қайта ұйымдастырылысын.

2. Осы қаулының 1-тармағында көрсетілген кәсіпорындар (бұдан әрі - кәсіпорындар) қызметінің негізгі мәні білім беру және ғылым саласындағы өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі кәсіпорындарды мемлекеттік басқару органы болып белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) кәсіпорындардың жарғыларын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне бекітуге ұсынсын;

2) әділет органдарында кәсіпорындардың жарғыларын тіркеуді қамтамасыз етсін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министри*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК